

Тақырыбы: «Банк» ойыны

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: Сюжеттік-рөлдік ойын: «Банк»

Мақсаты: Балалардың рөлді таңдап, рөлге сәйкес әрекет ету, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру. Ойында әлеуметтік ақиқат оқиғаларын көрсету, балалардың бақылаудың, саяхаттың және ересектер мен қарым- қатынастарының барысында көргендерін ойында ауыстыру. Қоғамдық жерлерде жүріс- тұрыстарын бекіту, сөз сөйлеу этикет дағдыларын қалыптастыру.

Алдын – ала жұмыс:

1. Банк туралы мәлімет.
 2. Банк қызметкерлерімен таныстыру.
- Әр елдің ақшасы туралы мәлімет.
Балаларды рөлге бөлу.

Рөлдерде:

Банктің бөлімше бастығы

Бақылаушы кассир

Бас менеджер

Менеджер

Менеджер

Кассир

Қарауыл

Инкассаторлар

Ұйымдастыру кезеңі:

(Банк қызметкерлері таң ертеңгі 5 минуттық жиналыста)

Балаларды ойын ойнауға жағдай жасау.

Банктің бөлімше бастығы:

Ал, құрметті қызметкерлерім, сіздерді жинап отырған себебім өз қызметтеріңізге үлкен жауапкершілікпен қарап, Банкке келген тұтынушыларды жақсы көңіл- күймен қарсы алып, жақсы қызмет етеді деп сіздерге сенемін. Ал енді өз орындарыңызға жайғасып, жұмысты бастайық.

(Банк қызметкерлері өз орындарына жайғасып, жұмысты бастайды.)

(Халық Банкіне инкассаторлар келіп, Ұлттық Валюталарды және басқа да елдердің ақшаларын алып келеді.)

Балалардың іс – әрекеті.

Инкассатор: Мен Банкке АҚШ доллары – 500 мың, Евро – 300 мың, Рубль – 700 мың, Теңге – 1 миллион алып келдім.

(Бақылаушы кассир алып келген ақшаны санап, тексеріп алады.)

Ойынды қорытындылау.

банк қызметкерлерінің «есеп беру» жұмысы.

